

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің лицензиялық органдары беретін Құрылыс қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияларды өзара тану туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 7 сәуір N 530

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 1997 жылғы 27 наурызда Мәскеу қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің лицензиялық органдары беретін Құрылыс қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияларды өзара тану туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы
мемлекеттердің лицензиялық органдары құрылыстық
қызметті жүзеге асыруға арнап беретін лицензияларды
өзара тану туралы
Келісім

Ресми расталған мәтін

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің
лицензиялық органдары құрылыстық қызметті жүзеге асыруға
арнап беретін лицензияларды өзара тану туралы
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын осы Келісімге қатысушы мемлекеттерді
білдіретін үкіметтер,

Достастық шеңберінде интеграциялық процестердің дамуына аса мән бере
отырып,

1992 жылғы 13 наурыздағы Стандарттау, метрология және сертификаттар
саласында келісілген саясат жүргізу туралы келісімнің және 1993 жылғы 24
желтоқсандағы Инвестициялық саясат саласындағы ынтымақтастық туралы
келісімнің ережелерін ескере отырып,

1994 жылғы 9 қыркүйектегі Құрылыстық қызметтегі ынтымақтастық туралы келісімнің ережелерін басшылыққа ала отырып;
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мына терминдер мыналарды білдіреді:

лицензия (мемлекеттік лицензия) - оны иеленушіге Тараптың аумағында белгіленген мерзім ішінде құрылыстық қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруға құқық беретін Тараптың уәкілетті мемлекеттік органы беретін арнайы рұқсат (құжат);

құрылыстық қызмет - Тараптың аумағында оны жүзеге асыру үшін лицензия алу қажет жобалық және құрылыс-монтаждық жұмыстардың, құрылыс үшін іздестірулердің жекелеген түрлері, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру, инжинирингтік және өзге де жұмыстар мен қызмет етулерді көрсету;

лицензиар (лицензиялық орган) - Тараптың ұлттық заңына сәйкес құрылыстық қызметті лицензиялауды жүргізуге уәкілетті Тараптың мемлекеттік органы;

лицензиат (лицензиялау субъектісі) - Тараптың аумағында құрылыстық қызметтің жекелеген түрін жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлға (жеке кәсіпкер).

2-бап

Тараптардың лицензиарлары құрылыстық қызметтің жекелеген түрлеріне арнап оларға берілген лицензияларды өзара таниды, солар бойынша олардағы лицензиялар беру тәртібі лицензиатқа сәйкес ұлттық лицензияны ресімдеу және беру жолымен баламалы болады.

Тараптардың лицензиарлары беретін лицензияларды өзара тану, лицензиялар бланкаларының және мөрлердің үлгілерімен алмасу тәртібін, құрылыстық қызметтің жекелеген түрлерінің баламалылығын (жұмыстар және қызмет көрсетулердің

келісілген тізбесі бойынша) және осы Келісімнің шеңберінде өзге де мәселелерді шешу тәртібін Тараптардың құрылысты басқарудың орталық мемлекеттік органдары немесе Тараптардың басқа да уәкілетті мемлекеттік органдары олардың арасында жасалған жеке шарттар негізінде белгілейді.

3-бап

Лицензиатқа берілген сәйкес ұлттық лицензияның қолданылу мерзімі аумағында құрылыстық қызмет жүргізілетін Тараптың ұлттық заңына орай белгіленеді, алайда ол екінші Тараптың лицензиары берген лицензияның қолданылу мерзімінен аспауы тиіс. Өзара танылған лицензияның мерзімін ұзартуды сәйкес ұлттық лицензияны берген Тараптың лицензиары өзі белгілеген тәртіппен жүргізеді.

4-бап

Өзара танылған ұлттық лицензия беру үшін төлем мөлшері аумағында құрылыстық қызмет жүргізілетін Тарап лицензиатының ұлттық заңына сәйкес белгіленеді. Егер осындай лицензия беру үшін төлем мөлшері заңмен анықталмаған жағдайда ол құрылыстық қызметтің әрбір жеке түріне 25 АҚШ долларына баламалы мөлшерде белгіленеді. Лицензия беру үшін төлем тәртібін, қосымша төлемдер мен алымдар ауқымы өзара танылған ұлттық лицензияны беретін лицензиар Тарабының заңдарына сәйкес белгіленеді.

Төлем лицензиат құрылыстық қызметті жүзеге асыру ниеті бар Тараптың ұлттық валютасында лицензиаттың оған өзара танылған ұлттық лицензия беру туралы өтініші қабылданған күні АҚШ долларына қатысында ұлттық банк белгілеген сол ұлттық валютаның бағамы бойынша жүргізіледі.

5-бап

Тараптардың лицензиарлары лицензиялардың бірдейлендірілген бланкаларын, лицензияларды өзара тану үшін құжаттар тізбесін және лицензиялауға жататын құрылыстық қызметтің жекелеген түрлерінің тізбесін жасауда бірлесіп іс-қимыл жасайды, сондай-ақ олар жасаған жекелеген шарттар, тіркелген және лицензиатқа берілген өзара танылған ұлттық лицензиялар туралы ақпараттармен алмасуды жүзеге асырады.

6-бап

Лицензиат оған берілген лицензияда көрсетілген құрылыстық қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асырудың жағдайлары мен ережелерін бұзған жағдайда лицензиар лицензияны жоя (қайтарып ала) немесе лицензиар ұсынған Тараптың заңдарына сәйкес оның қолданылуын тоқтата алады.

7-бап

Осы Келісім Тараптар қатысушы болып табылатын өзге де халықаралық шарттардың, соның ішінде Тараптардың лицензиарлары басқа да мемлекеттерге және біріккен кәсіпорындарға берген лицензиялар туралы ережелерін қозғамайды.

Тараптар құрылыстық қызметтің жекелеген түрлеріне арналған лицензияларды өзара тану туралы осы Келісімнің қатысушысы болып табылмайтын өзге де мемлекеттермен шарттарға қол қою кезінде олар осы Келісімнің ережелерін ескеруге келісті.

8-бап

Осы Келісімге Тараптардың ортақ келісімімен Келісімнің ажыратылмас бөлігі болып табылатын жеке хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Келісімді қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер Тараптардың құрылысты басқарудың орталық мемлекеттік органдарының немесе Тараптардың басқа да уәкілетті мемлекеттік органдарының консультациялары және келіссөздері жолымен шешілетін болады.

Келіссөздер жолымен даулы мәселелерді реттеу мүмкін емес кезде Тараптар арасындағы келісім бойынша оларды шешу кез келген халықаралық арбитражға тапсырылуы мүмкін.

9-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап, ал оның күшіне енуі үшін заңдары мемлекет ішкі рәсімдерді орындауды қажет ететін мемлекеттер үшін депозитарийге тиісті хабарлау тапсырылған күнінен бастап күшіне енеді.

10-бап

Осы Келісім ол күшіне енген күнінен бастап 5 жыл бойы қолдануда болады. Осы мерзім өткеннен кейін, егер Тараптар басқа шешім қабылдаса, әр сайын бес жылдық кезеңге автоматты ұзартылып отырады.

11-бап

Әр Тарап депозитарийге 6 айдан кешіктірмей алдын ала ресми жазбаша хабарлау жіберіп, осы Келісімге өзінің қатысуын тоқтата немесе кідірте алады.

12-бап

Осы Келісім оның ережелеріне ортақтасатын өзге де мемлекеттердің қосылуына депозитарийге осындай қосылу туралы құжаттар тапсыру жолымен ашық болады.

13-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыруды үйлестіру және бақылау әр Тараптардың шешімі бойынша Тараптардың құрылысты басқарудың орталық мемлекеттік органдарына немесе Тараптардың басқа да уәкілетті мемлекеттік органдарына, сондай-ақ Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық

комитетіне жыл сайын Келісімнің орындалу барысы туралы баяндама беріп тұратын Құрылыстық қызметтегі ынтымақтастық туралы үкімет аралық кеңеске жүктеледі.

1997 жылы 27 наурызда Мәскеу қаласында орыс тілінде бір түпнұсқалық данада жасалды. Түпнұсқалық дана осы Келісімге қол қойған әр мемлекетке оның расталған көшірмесін жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Хатшылығында сақтаулы.

Әзербайжан Республикасының
Үкіметі үшін

Молдова Республикасының
Үкіметі үшін

Армения Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін
Грузия Үкіметі үшін
Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін
Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін
Мәскеу 27.03.97

Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін
Түрікменстан Үкіметі үшін
Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін
Украина Үкіметі үшін

Осымен қоса беріліп отырған мәтін 1997 жылғы 27 наурызда Москва

қаласында болған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкіметтерінің басшылары кеңесінің мәжілісінде қабылданған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің лицензиялық органдары құрылыстық қызметті жүзеге асыруға арнап беретін лицензияларды өзара тану туралы келісімнің түпнұсқалық көшірмесі екендігін куәландырамын.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
Атқарушы хатшысының орынбасары

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.